



Колизей- амфитеатр, Ежелгі Римдегі архитектуралық ескерткіш, адамзат тарихындағы ең үлкен арена және ежелгі дәуір өнерінің көрнекті ескерткіші. Колизей амфитеатры гладиаторлар шайқасы мен цирк ойындарын тамашалау мақсатында тұрғызылған.

Колизейде бір сәтте 50 мыңға жуық адам сайыс тамашалай алған. Ғимарат төрт қабатты болған, алдыңғы үш қабаты кең аркалы, ал төртінші қабаты тік бұрышты. Әр қабат биіктігі 10-13 метрге жететін, ал ғимараттың жалпы биіктігі 44 метрді құрайды. Амфитеатр аренасының өлшемі 45х79 метр, іші құмға толы болатын. Кейде су толтырып, теңіз шайқастарын тамашалаған. Арена жан-жағы тұрғындардың қауіпсіздігі үшін тормен қапталған. Ғимарат іргетасы мәрмәр кесектерден қаланды. Ішкі қабырғалардың құрылысына травертин тастары пайдаланылды.

Ал өрнектер үшін кірпіш пен тау жыныстарынан қашалды. Құрылысқа 100 мың куб метр мәрмәр пайдаланылды. Оны құрылыс алаңына екі жүзден астам өгіз-арба жеткізіп тұрды. Жүз мың құл сегіз жыл бойы салды.

Колизейде күнделікті болған іс-шаралар :

- 1.Таңертең жануарларға арналған шоулар болды;
- 2.Кешке қарай гладиаторлық шайқастар болды, адамдар мен жануарлар шайқастары өтті.
- 3.Сыртқы жауларды жеңіп, ірі жеңіске жеткенде әскери шерулер өткізілді;
- 4.Музыкалық мерекелер ұйымдастырды,трюктар көрсетті, ән айтып, әзіл-қалжындар көрсетті;
- 5.Үйсіздерге азық-түлік таратты;
- 6.Спорттық жарыстар ұйымдастырды.



Қорқынышты факт:

- * Колизей болған кезде оның аренасында 1 миллионға жуық жануарлар мен 500 мыңға жуық адам өлтірілді.
- * Амфитеатр ашылған бойда император той жасап, 100 күндік гладиаторлық шайқастарды жариялады. Осы уақытта 9 мыңнан астам мал мен 2 мыңнан астам адам өлді.
- * Мұнда әлемнің түкпір-түкпірінен жабайы жануарлар әкелінді: арыстандар, жолбарыстар мен аюлар, жылқылар, түйеқұстар, мүйізтұмсықтар, қолтырауындар.
- * Колизей өмір сүрген жүздеген жылдар ішінде жануарларға деген сұраныстың үлкен болғаны сонша, кейбір жануарлар табиғи ортасынан мүлдем жойылып кетті.



Тәж-Махал – Үндістандағы ең әйгілі ғимарат және ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралар қатарына енген жеті кереметтің бірі. Үндістан билеушісі Хуррем Шах Жаһанның қатты жақсы көрген жұбайы Әржуменд Бану-Бегум Мұмтаз Махал үшін Агра қаласында салдырған кесенесі. «Мәңгілік махаббат нышаны» болып есептелетін бұл ескерткіш Аграның жанындағы Жанума өзенінің жағалауында орналасқан.




Шах Жаһан сұлтан анасы жағынан туысы боп келетін 20 жасар Мұмтаз Махалмен танысып, сұлулығы мен зеректігіне ғашық болады. Тарихтағы ең үлкен махаббаттың иелері 20 жыл жанұялық өмір кешеді. Он төртінші баласын дүниеге әкелер үстінде Мұмтаз Махал қайтыс болды. Босану кезінде қайтыс болған әйелдер үнді мәдениетінде мәртебелі болып саналатын. Бұл қайғылы жағдай Шах Жаһанның өз махаббаты үшін әлемде теңдесі жоқ махаббат ескеркішін тұрғызуға себеп болды.



Төрт құбыласында төрт минареті, биіктігі 74 метр бес күмбезі бар ақ мәрмәрдан салынған мазардың құрылысына Орта Азия, Парсы, Таяу Шығыс елдерінен 20 мың зергер-ұсталар, 1000 піл жұмылдырып, 1631 жылы басталған құрылыс 22 жылға созылып 1653 жылы аяқталды.

Мазар тұтастай ақ мәрмәрдан тұрғызылған. Қабырғаларындағы кесек мәрмәрдағы ұсақ, аса шеберлікпен кескінделген ою-өрнектер қолдан қашалып жасалған. Таң шапағымен қызғылт түске, күндіз ақ шаңқан, түнгі ай сәулесімен күміс түске боялатын мөлдір ақ мәрмәрді Агладан 300 шақырым жерден алдыртқан екен. Ең кереметі кіре берістегі Құран сүрелері қара ақықтан, ал қабырғалардағы әшекейлер мен гүлдер қызғылт ақық, малахит, жақұт, нифриттен жасалып, мәрмәр тастың ішіне ойып салынған. 300 жылдан астам уақыт өтсе де бірде-бір жер сілкінісі ғимаратқа залал келтірмеген.



Ұлы Қытай қорғаны - әлемдегі ең ұзын қабырға, ерекше сәулет ескерткіші және Қытайдың ең танымал жері. Ол әлемнің жеті кереметінің бірі және ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген.

Б.з.б. 221 жылы тұңғыш император Цинь Шихуанди өзге алты патшалықтың басын біріктіріп, біртұтас Қытай империясын құрды. Ол әр патшалық тұрғызған үзік-үзік қорғаныс қамалдарын бір-біріне жалғастырып салдырды. Оның ұзындығы 5000 шақырымға жетті.



Қорғанның негізгі бөліктерінің орташа биіктігі 7-8 метр, табанының ені 6,5 метр, үстіңгі жағының ені 5,8 метр. Қорғанның үстінде әр 100 метр сайын 2-3 қабаттан тұратын қарауыл мұнарасы салынған. Онда гарнизон сарбаздары тұрған, әрі қару-жарақ, оқ-дәрі сақталған. Ал қорғаныс шебінің ең маңызды деген тұстарында ірі бекіністер, ішкі өткелдер бар. Қорғанның ішкі, ал кейде сыртқы жағынан тау жоталарының үстіне аралары белгілі қашықтықты сақтай отырып салынған дабыл мұнараларында күндіз түтін түтетіп, түнде алау жағу арқылы бір-біріне белгі беріп отыратын болған. Осы тәсілмен бір сағаттың ішінде 500 шақырым алыс жерге әскери дабыл беріп, қауіп-қатерді хабарлай алған.

Қытай қорғанының құрылысы Қытай тарихындағы Чуньцю («Көктем және күз» б.з.б. 770-476 жылы) және Чжаныго («Жауласқан патшалықтар» б.з.б. 475-221 жылы) заманында салына бастаған. Ол кезде Хуанхе алқабында жеті шағын патшалық жеке дара өмір сүрді. Олар өздерінің солтүстігіндегі ғұн және дунхулар сияқты көшпелі тайпалардан қорғану үшін өз шекараларына қорғаныс қамалдарын тұрғыза бастады.





Петра кешені - биік тас үйінді жартаста орналасқан, 2400 жылдық құпия тарихы бар Иорданияның ең ежелгі қаласы, қымбат қазынасы және оның ең маңызды туристік орны.



Иордания астанасының оңтүстігінен 200 шақырым қашықтықта, Вади Мұсаның аңғарындағы құмды тауларда («Мұса аңғары») ежелгі Петраның қираған үйіндісі жасырынған. Петра ғибадатханасы мен сарайын Рождества Христоваға дейін 2000 жыл бұрын набатейлік ежелгі көшпелі араб тайпасы тастардан қашап салынған деп пайымдалады.

Қала 500 жылға жуық уақыт бойы тұрғызылып, үлкен сауда орталығына айналды. Петра Қызыл және Жерорта теңіздері арасындағы маңызды сауда жолдарының қиылысында орналасқан. Мұнда 800-ден астам көрікті жерлер бар. Петрадағы ғибадатханалар мен сағаналар, рим колонналары мен 3000 адамға арналған амфитеатр, сарайлар, моншалар мен арналардың барлығы тастан қашалып жасалған.

Набатейлер салған керемет қызыл құмтас, жартасты Петра қаласы ұзақ уақыт Қытай, Үндістан мен Арабияның Египет, Сирия, Греция және Риммен байланыстыратын жібек жолдарын, дәмдеуіштер мен басқа мыңдаған заттар тасымалданатын маңызды жолға айналды.



Петра қалашығында оюлармен безендірілген жүздеген тастан қашалған қабірлер бар. Олардың көпшілігі бос. Набатейлер салған Рим стиліндегі үлкен театр жер сілкінісі салдарынан қираған.

Қабырғалар, ғибадатханалар, құрбандық үстелдері, бағаналы көшелер бар, алқаптан жоғары биіктегі Ад-Дейр монастырына 800 жартасты баспалдақпен көтеріледі.

Кешеннің ішінде Вади-Мұса қаласы мен оған жақын орналасқан бедуиндер мекенінен шыққан әр түрлі қолөнершілер жергілікті қолөнер бұйымдарын, мысалы, бедуиндік қыш ыдыстар мен зергерлік бұйымдарды, сондай-ақ осы аймақтан шыққан түрлі-түсті құм бөтелкелерін сату үшін өздерінің шағын дүкендерін құрған.



Мачу-Пикчу (испанша мағынасы "ежелгі тау") - Оңтүстік Американың Перу аймағында өмір сүрген ежелгі инк тайпасының қаласы. Әлемнің жеті кереметінің бірі, ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра тізіміне енген Инк империясының қаласы теңіз деңгейінен 2350-2430 м биіктіктегі тау қырқасында, Урубамба өзені шатқалында орналасқан.

Археологтар Мачу-Пикчуді үш бөлікке бөледі: қасиетті өңір, оңтүстік қарапайым өңір және дін қызметкері мен ақсүйектердің қоныстану өңірі.

Қасиетті өңірдегі "қасиетті күн құдайы Интидің (Inti) күн байлайтын тасы", "күн ғибадатханасы" және "үш терезелі үй" маңызды археологиялық мұралар болып есептелінеді. Бүкіл қала орны жүз қырықтан астам құрылыстан құралады. Олар ғибадат орны, қорғаныс орны, бау-бақша, қоныстану орындары, су бассейні, өлшемді ойылған тастардан жасалған кәріз-құбыр жүйесі бар. Бұл жерде 100-ден артық баспалдақ бар, әрқайсысы үлкен бір гранит тастардан қашалған.



Оңтүстік Америка жеріндегі асқар тау баурайындағы Мачу-Пикчу қаласы 400 жылға жуық өмір сүрген, ол шамамен 1450 жылдары Инк Империясының өркендеген тұсында салынған. Мачу-Пикчу құрылысы архитекторлар мен ғалымдарды ежелден таңғалдырып келеді. Себебі, ол жердегі ғимараттар ешқандай қоспасыз тастарды бір-біріне жымдастырып салынған. Қабырғадағы тастар арасына пышақ батпайды. Әлі күнге адамзат инк мәдениетінің неге сүйеніп салмағы 20 тоннадан асатын мыңдаған тонна тастарды Мачу-Пикчу тауының басына сүйреп шығарғанын біле алмай келеді.

Белгісіз себептермен 1532 жылы инктер қаладан жырақ кетті делінген жорамал бар. Ал Испан басқыншылары биікте орналасқан қалаға шыға алмады.





Чичен-Ица - Мексика мемлекетінің Юкатан түбегінде ежелгі дәуірден жақсы сақталған, осы халықтың діни идеяларына сәйкес салынған Майя өркениетінің қаласы. Чичен-Ица-аспан денелері мен жұлдыздардың орналасуын ескере отырып салынған, бірнеше үнді халықтарының мәдениетінің орталығы болған .



Чичен Ицаның ең көрнекті ғимараты - желдер мен жаңбырдың құдайы, қауырсынды жылан Кукулканның әйгілі пирамидасы. Пирамиданың биіктігі 30 метр, әр жағының ұзындығы 55 метр.

Пирамида тоғыз қабаттан тұрады. Жоғарғы жағында биіктігі 6 метрлік құрбандық шалынатын ғибадатхана бар . Ғибадатханаға төрт баспалдақтың бірімен жетуге болады, бұл баспалдақтар пирамиданың әр жағын екіге бөледі - осылайша, әрқайсысының деңгейлерінің саны барлығы он сегізді құрайды . Әрбір баспалдақтың 91 сатысы бар. Егер олардың санын баспалдақтардың санына көбейтіп, үстіңгі қабат қосылса, 365 шығады .

Бұл пирамида көктемгі және күзгі күн мен түннің теңелуі кезінде құдайдың өзі Кукулканның өзі бойымен жорғалап, сол арқылы адамдарға нағыз ғажайыпты көрсететіндігімен ерекшеленеді. Күннің сәулелері Кукулкан ғибадатханасының бір жағына түседі, осылайша жарық пен көлеңке ойынының арқасында онда жеті тең қабырғалы үшбұрыш пайда болады. Бұл фигуралар ұзындығы 37 м болатын үлкен жыланның денесін құрайды, ол күн жылжыған кезде баспалдақтың түбінде орналасқан пирамидадан басына қарай жылжиды. Әлемнің бұл кереметінің қозғалысын 3 сағат 22 минутта тамашалай аласыз.



Жауынгерлер ғибадатханасы рельефтер мен мүсіндердің шынайылығымен таң қалдырады, «Мың бағандар» тобында адасып кету оңай. «Шар алаңы» аумағында кесілген бастардың суреттері бейнеленген.

Қасиетті кенот деп есептелінетін диаметрі 60 м болатын табиғи су қоймасына майя қыздары мен балаларын, құдайларынан жаңбыр сұрап көптеген табынушылық нысандарды лақтырғаны туралы деректер бар.





Христостың мүсіні (Құтқарушы Иса Мәсіх мүсіні)-Бразилияның тәуелсіздігінің 100 жылдығына орай салынған Рио-де-Жанейро қаласындағы Корковаду тауында орналасқан әлемге танымал мүсін.



Поль
Ландовски



Эйтор да
Силва Кошта



Ескерткіштің мүсінін жасауға Поль Ландовскиге тапсырыс берілді. Ол Парижде Христостың басы мен қолын жасап (гипстен құйды), гипстен жасалған эскиздерді Бразилияға жіберді. Осы үлгілер бойынша тастан мүсіннің қолдары мен басын қайта жасап, тастан денесін қашап, Коркуваду тауына бөлшек-бөлшек қылып тасып, жинап, тұрғызып, (жұмысқа басшылық жасап, қоршаған табиғаттың көрінісіне кіріктірген бразилиялық Эйтор да Силва Кошта) салтанатты түрде ескерткішті 1931 жылы ашады. Христостың ескерткіші сабынды тастан жасалған. Бұл өте жұмсақ, соған қарамастан жаңбыр, жел, күннің суытуы сияқты табиғат құбылыстарына өте төзімді. Қала үстінен төніп тұрған алып ескерткіш Рио-де-Жанейроның кез-келген жерінен мен-мұңдалап көзге түседі. Қаланың барлық тұрғындарын жарылқап, дұға қылып, оларды зұлымдықтан сақтап тұрғандай құшағын кенінен ашып тұр. Ескерткішті жақыннан көрі үшін, Коркуваду тауына фуникулер, яғни арқанды жол арқылы көтерілу қажет.

Мүсінінің биіктігі - 38 метр, іргетасы - 8 м, салмағы-1145 тонна, қолдардың құлашы -30 метр. Стеаниттен (сабын тастан) және бетоннан құйылған.

Мүсіннің тас табаны ішіне 150 адам сиятын шіркеу, оған жету үшін төбенің басына дейін трамвай желісімен, кейін 220 басқышты баспалдақпен көтерілу қажет.



***ӘЛЕМНІҢ
ЖЕТІ
КЕРЕМЕТІ***